

КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ МЕНГЕРУ – БҮГІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ

Бұлақбаева М.К, Омашева Н.Р.,

Казахский государственный женский педагогический университет, г.Алматы, Казахстан

Annotation. In the article the problems of educating are examined in institution of higher learning in Message of president and use of computer technology in practice.

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы обучения в вузе и использования компьютерной технологии на практике.

Жалпы білім берудің басты мақсаты – әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес келетін білім берудің жоғарғы сапасын қамтамасыз ету, өзін-өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, өзін-өзі қалыптастыруға, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі тануға және кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеруге дайын, жеке және қоғамдық мүдделерін үйлестіре білетін жан-жақты мәдениетті, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру. Осы орайда, ел Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясында: «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа бағыты» атты Жолдауында: «жоғары оқу орындары тек оқу бағдарламаларын жетілдірумен шектелмей, өздерінің ғылыми-зерттеушілік қызметін де белсенді дамытуы тиіс» – деп атап көрсетті /1, 4/. Қазіргі кездегі әлемдік бірлестіктерді интеграциялауда бірнеше стратегиялық қадамдар жасалды. «Қазақстан-2050» Жаңа стратегиялық бағытын жүзеге асыруда бізге – қазақ халқына айырықша жауапкершілік жүктеліп отыр.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті студенттері алдында тұрған басты міндеттің бірі – болашақ маман ретінде инновациялық бағыттағы білім нәрімен сусындау. Бүгінгі күні мұғалімнің мәртебесімен оның педагогикалық шеберлігі, жаңашылдығы мен зерттеушілік мәдениеті бағаланады.

Мұғалімнің мәртебесі бірнеше аса маңызды талаптан құралады деп ойлаймын:

–біріншісі, жоғары кәсіби-шеберлік және соған сай өзінің білімін, тәжірибесін жас ұрпаққа беруге деген қажеттілік, өзінің білігі мен білімін жетілдіруге ұмтыла білу қасиеті;

–екіншісі, мұғалімнің бойындағы жоғары ізгілік құндылығы, патриотизмі мен адамгершіліктен айнымауы, мейірбандылығы, мақсатына жетудегі табандылығы. Міне, осындай қасиеттер бойына жинақталған мұғалім жастар үшін тек білімнің қайнар бұлағы ғана емес, жас адамдарды рухани тұлға болуға бастайтын шынайы тәлімгері болмақ;

–үшіншісі, мұғалімдердің біліктілігін арттыруға ынталандыратын лайықты еңбекақы болуы тиіс;

–төртіншісі, қоғамдағы құрметі мен жоғары абырой-беделі. Мұның өзі жоғарыдағы үш мәселені тоғыстырып, айқындайтын болады.

Қазіргі қызмет етіп жүрген мұғалімдердің біліктілігін көтеру жүйесі түбірімен қайта қарастырылды. Педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру жөніндегі Ұлттық орталық «Өрлеу» акционерлік қоғамы құрылды. Бұған бұрынғы облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институты мен Астана және Алматы қалаларындағы біліктілікті жетілдіру институты кірді. Назарбаев зияткерлік мектептері жанынан педагогтардың шеберлігін шыңдау орталығы құрылды. Мұнда Қазақстан мұғалімдерінің шеберлігін тұрақты түрде жетілдіру жұмыстары жүргізіліп, бүкіл әлемдегі озық тәжірибелер негізінде мүлде жаңа бағдарламалар мен әдіс-тәсілдер жасалатын болды. Оқу үш кезеңге бөлініп, төрт сатылы болып құрылды. Нақты айтқанда, дәрісханаларда «бетпе-бет» оқыту, қашықтан онлайн оқытуы және тағы да дәрісханаларда оқыту.

Ең негізгі енгізілген жаңалық қайта даярлаудың нақты мерзімі – сын көзбен қарап ойлай білуге үйрету, ақпараттық коммуникациялық технология, оқушыларды тұрақты зерттеу, сыни тұрғыдан бағалау және т.с.с. Алдағы бес жылда еліміздің бүкіл мұғалімдерінің 50 пайызын қайта даярлаудан өткізуді жоспарланған. Бұның өзі білім беру сапасын арттыруда-

ғы және мұғалімдердің дәрежесін көтерудегі айтарлықтай маңызды қадам деуге болады. Бұл мұғалімдердің баспалдақ секілді кәсіби біліктілігін жетілдіре отырып өсуіне зор ықпал ететіні сөзсіз.

Жолдауда *оқыту әдістемелерін жаңғырту* және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту керек болатындығы айтылды. «...Біз қалайтындардың барлығы үшін қашықтан оқытуды және онлайн режимінде оқытуды қоса, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз» – деген ой-пікірден, инновациялық технологияның қазіргі ғасырдағы басты шамасы – компьютерлік технологияны терең меңгеріп, кәсіби іс-әрекетінде кеңінен қолдану болып табылады.

Компьютер – ақпараттық процестерді жүзеге асыратын негізгі ақпараттық құрылғы, ал ақпараттық процестер дегеніміз ақпаратты алу, есту, көру, өңдеу, тарту болып табылады /2/. Осы компьютердің пайдасы өте көп.

Мысал келтіретін болсақ: әр пәннен жазылатын рефераттардың көрнекі әрі таза, әдемі жазылуын мұғалімдер талап етеді. Қолмен жай сиямен және компьютерде терілген жұмыстарды салыстырайықшы. Екеуінің айырмашылығы жер мен көктей. Осы жазылған рефераттың бірнеше көшірмесі керек дейік. Оны ашып принтермен көшірмесін жасаған әлде қайда аз уақыт жұмсалады. Сөзімді қорытындылап келіп «Компьютер – уақыт талабы» біз уақытымызды ұтымды пайдаланамыз.

Ақпарат ғасыры аталып жүрген ХХІ ғасырда бар шаруаны мойнына алған бесаспап бұл құралдың жақсы жақтарымен бірге қазірдің өзінде тигізіп отырған залалдары да аз емес. Таяқтың екі ұшы болатыны сияқты, компьютердің зиянды жақтары қазірдің өзінде бой көрсетіп, оның салдарының адамзат үшін оңай болмайтындығын анық аңғартқан сыңайы бар. Бірақ, таяқ басымызға қашан тигенше мән бермейтін бейқамдығымызбен бесаспап құралдың залалдарына бүгінде назар аударып жатқан ешкім жоқ.

Мұхтар Шаханов ағамыз осыдан біраз бұрын компьютер басты жартыкеш адамдар туралы жазып, жұртшылықтың назарын аудармақ болған еді /3/. Бірақ, оған ден қойып, адамзат, оның болашағы үшін үлкен мәні бар бұл мәселеге көңіл аударған пенде болмады.

1990-шы жылдардың соңында табалдырығымыздан имене аттап, өмірімізге енген бүгінде төрімізді түгел жайлап алған компьютердің залалды жақтары қазірдің өзінде әр жерден атойлап анық байқалып отыр. Ол «хакер» деп ат қойып, айдар тағылған компьютердің бесаспап шеберлерінің түрлі мекемелердің бағдарламаларына еніп, ірі көлемде ақша немесе аса құпия ақпараттар ұрлап, кәделеріне жаратуы сияқты сыртқы залалдарымен басталып, онан қалды, адамдардың ақыл-саналарына тигізетін кесепатты әсерлерімен өмірімізге тереңдеп еніп барады. Компьютер тек арнайы бағдарламалар бойынша белгілі бір саланың мамандарының жұмыс істеуіне жағдай жасайтын қарапайым құрал емес, оның ішінде түрлі қызықты ойындар, анықтамалар, интернет желісіне ену арқылы қалаған тақырыпта ақпарат алуға мүмкіндіктер бар. Бір сөзбен айтқанда, оның мүмкіндігі шексіз. Іздеген тақырыбың бойынша қалаған ақпаратыңды эп-сәтте ала аласың. Қалаған адамыңмен байланысып, көзбе-көз көріп отырғандай сөйлесуіңе немесе хат алмасуыңа әбден болады.

Тірі пендемен араласпай, күндіз-түні компьютерге телміріп, бар қызығын содан табатын пенделер қатары жыл өткен сайын көбейіп барады. Шетелдерде компьютерге жабысып, өмірін өткізгендердің арасында аштан өлген оқиғалар да кездесіпті.

Күндіз-түні мониторға қадалып отыру көзді құртатыны, одан шыққан сәулелердің түрлі дерттерге ұрындыратыны бұл жәй сыртқы залалдары ғана. Ал, компьютердің адамға келтіретін ең сұмдық зияны, оған еліккен жан өзгелерді ұмытып, ешкіммен араласпай, томаға тұйық күн кешетін болады. Оған ата-ана, туған-туыс, бірге жұмыс істейтін әріптестер, бала-шаға дегеннің бірі де қажет емес. Оның монитордың ішіндегі өз әлемі бар, онда өзі би, өзі қожа, қалағанын жасап, емін-еркін өмір кешеді. Компьютер әлеміне терең еніп, фәни жалғаннан қол үзіп бара жатқан пенделер қазір Батыс елдерінде көп кездеседі. Компьютерге кештеу

көшкен ТМД елдерінде бұндай жағдайлардың шет-жағасы енді ғана байқалып жүр. Ол, әсіресе, жастардың арасында жиі көрініс беріп жатады.

Ежелгі үнді елінде үстемдік құрған ведалық өркениетте дхарма деген түсінік бар. Ол адамның туа бітті табиғи міндеті деген мағынаны білдіреді екен. Әр пенденің табиғи міндеті өзі сияқты ет пен сүйектен жаратылған адамдармен, айналасындағы табиғатпен қарым-қатынаста болу. Егер біз айналамыздағылармен жақсы қарым-қатынаста болсақ, бұл дүниенің қызық-қуанышына кенеліп, тәнімізді тастаған соң жұмаққа енеді екенбіз. Веда ілімі осылай дейді. Яғни, екі дүниенің бақытына кенелудің жалғыз жолы айналамыздағы жандармен түсіністік, сүйіспеншілік, қайырымдылық қарым-қатынаста болу көрінеді.

Ал, жұмысымызды жеңілдетіп, басқа да фәни игіліктермен қамтамасыз еткен компьютер бізді ең басты байлығымыз, айналамыздағы жандармен қарым-қатынасымыздан қол үздіруде. Күнұзақ балабақшада болып, анасын сағынған бүлдіршін оған еркелеп ойнағысы келсе, сүйікті сериалын көруге ынтыққан әйелге сәбиіне көңіл бөліп, бір сәт онымен жылы қарым-қатынаста болу мүлдем қызықсыз көрінеді. Осылайша, ана мен баланың, ерлі-зайыптылардың, көршілердің, әріптестердің ара-қатынасы алшақтап, әр пенде теледидар мен компьютерден, ұялы телефоннан өз қызығын тауып, оқшау тірлік кешуге көшкен түрі бар.

Бірінші жақ Нью-Йорктік ғалым Иван Голдбергтің теориясы бойынша 1995 жылғы енгізген Интернетке тәуелділік терминін (internet addiction disorder, қысқаша IAD) жақтаушылар. Иван Голдбергтің теориясы бойынша мұндай тәуелділік психикалық проблема ретінде сипатталған /4/.

Интернетті шамадан тыс көп пайдаланудың нәтижесі Интернетке тәуелділікті тудыратындығы тілге тиек етілген.

Ал екінші жақтың өкілдері Интернетке тәуелділікті ауру ретінде санауға нақты дәлелдер жоқ екендігін алға тартады, яғни, алдыңғылардың тұжырымдамаларына қанағаттанбайды. Себебі, ауоуға тән ешқандай да синдром көрсетілмеген және Интернетке тәуелділік кезінде нендей жағдайлардың орын алатындығы да анық айтылмаған екен.

Бернад Батник, (ғалым, Гисен университеті (Алмания), Психология факултеті) өз ойын былайша жеткізді: «Интернетке тәуелділік проблемасы бар. өздерін интернет пайдаланудан алшақ ұстай алмайтын немесе интернет пайдалануды доғара алмайтын адамдар бар. Бірақ қалыпты адамдар мен тәуелділікке бой алдырғандардың арасындағы айырмашылықтарды нақтылау да қиын болып отыр». Турасында, ол кісі Интернетке тәуелділіктің арту кезеңінде ешқандай да автоматты түрде жүретін құбылыстың болмайтындығына сенімді: «Интернетке тәуелді болу үшін алдын ала қандай да болмасын психикалық кемістіктер болуы шарт. Мысалы, алкагольді ішімдік ішетіндердің барлығы бірден алқаш бола қоймайтыны секілді» – деп, өз ойын нақтылады.

Қазіргі таңда Еуропа аумағында 100 000 астам адам осы тектес проблемаларға тап болып отырғанға ұқсайды. Көбі интернет атаулыға түгелдей тәуелді, не болмаса интернетте шамадан тыс уақыт жоғалтып қоятындары да болады.

Осынау аурудың себептерінің қатарына интернет пен онымен тығыз байланыстағы виртуалды ортаны жатқызуға болады. Орта болған да да адам айналысуға тиімді әрекеттер: қарым-қатынас құруға арналған сайттар, форумдар, чаттар. Көбінесе адамдар өздерінің қызығушылықтарының арқасында, жаңа нәрселерді сынап көру мақсатында интернетке жіпсіз байланып жатады.

Өмірдің шынайылығынан алшақтау адамның жеке басының мәселелерінің туындауына және әлеметтік ортадағы қиындықтардың тууына алып келіп соғады. Мысалы, жеке тұлға ретінде қалыпса алмауы, өмірдегі өзгерістер, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы және жалғыздық. Кейде ойға алған істері орындалмай, тауы шағылған жандар интернетарқылы жандарына пана іздейді, яғни, өзіндегі депрессия мен қорқынышты елемей үшін не болмаса қым-қуыт тіршіліктің реніштерін ұмыту үшін осындай амалдарға барып жатады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 14 желтоқсан 2012.
- 2 Нысанбаев Ә. Адам және ашық қоғам. Человек и открытое общество. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы, 1998. – 272 б.
- 3 Қазақстан Республикасының инновациялық мұғалімдері үшін Microsoft мектебі //Айқын. – 6 тамыз, 2009. – Б. 4–5.
- 4 Чернилевский Д.В. Креативные аспекты становления образовательной системы. – М., 1996.

ВОСПИТАНИЕ ТОЛЕРАНТНОСТИ В УСЛОВИЯХ СОЦИОКУЛЬТУРНОЙ СРЕДЫ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО УЧРЕЖДЕНИЯ

Дайкер А.Ф.,

Костанайский государственный педагогический институт, Казахстан

Annotation. Article is devoted to the problem of tolerance formation of future teachers. The article considers the concept of "tolerance", "environment of high school," pedagogical conditions and methods of active tolerance education of future teachers.

Аннотация. Статья посвящена актуальной проблеме формирования толерантности будущего учителя, раскрываются понятия «толерантность», «среда вуза», «педагогические условия и активные методы воспитания толерантности будущего учителя».

Происходящие в обществе социально-экономические преобразования определили ускорение формирования общенациональной доктрины системы взглядов и идей, в которых осознаются и оцениваются отношения людей к действительности, друг к другу. Особое место в таких условиях занимает воспитание молодежи в духе межнационального согласия, социального партнерства, гармонического сочетания прав человека и прав наций, понимание самобытности и культуры другого народа, то есть воспитание толерантности. Для многонационального Казахстана формирование поликультурной, толерантной личности является гарантом социальной консолидации и гражданского единства, обеспечивающим высокие темпы экономического развития общества. Президент Н.А. Назарбаев в своих выступлениях подчеркивает необходимость утвердить в обществе простую мысль: Казахстан – наша Родина, и долг каждого гражданина, какой бы национальности он бы ни был, поддерживать атмосферу взаимопонимания и согласия в обществе, то есть проявлять толерантность. Толерантность – качество личности, воспитанием которого необходимо заниматься с раннего возраста. Наиболее осознанно и социально значимо формирование толерантности происходит в студенческом возрасте. Именно в вузе существует социокультурная среда, которая включает учебно-воспитательную, научно-исследовательскую работу, досуговую деятельность студентов, процесс коммуникации. К социокультурной среде вуза относятся нравственно-эстетическое пространство вуза, профессиональная деятельность педагогов.

Социокультурная образовательная среда характеризуется взаимодействием всех членов коллектива, взаимопониманием, взаимоуважением, уровнем профессиональной сформированности преподавательского состава.

Ядром социокультурной среды вуза являются ценности – отношения, традиции, правила, нормы, символы.

Социокультурная среда вуза – это пространство, которое способно меняться под воздействием субъектов, придерживающихся определенных ценностей, означенных выше. Итак, уточним понятие «толерантность»: это личностное качество человека, принципы поведения человека, воспринимающего и понимающего другого человека, другую культуру.